

«АЛАТАУ АРДАГЕРІ»-ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫНДА!

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен Алматы облысының орталығы Қапшағай қаласының атауы ресми түрде Қонаев болып өзгертіліп, Алаш жұртын қуанышқа кенелткелі төртінші жылға жуықтады. Осы уақыт аралығында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев атындағы қаланың бет-бейнесі жаңаша сипатқа ие болып, инфрақұрылымы қарқын алып келеді. Қонаев қаласы қазіргі таңда 4 бағыт – тұрғын үй, абаттандыру, көгалдандыру, туризм және ауыл шаруашылығы бойынша дамуда. Қалада 1 300 гектар аумақты құрайтын өндіріс ошағы бар болғандықтан, бұл салаға айрықша мән беріліп отыр. Қаланың өнеркәсіпті аймақ атануға да мүмкіндігі зор. Бұл орайда шетел инвесторлары да көптеп қызығушылық танытуда. Қапшағай көлінің жағалауы туризм бағытында туристерді де, қала тұрғындарын да тамсандыратындай жаңа демалыс аймағына айналуда. Газеттің бұл саны Қонаев қаласының бүгінгі тыныс-тіршілігіне, жағымды жаңалықтарына, үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың атқарып жатқан игілікті істеріне арналып отыр.



АЛАТАУ Ардагері

Үлкендер жолы – ұлық!



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№23 (85) 6 маусым 2025 жыл

Әкім мінбері

ҚОНАЕВ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз Жолдауында агроөнеркәсіп кешенінің алдына жаңа міндет қойып, жаңа технологияларды енгізу, еңбек өнімділігін арттыру және өнеркәсіпті әлемдік стандарттарға сай ұйымдастыру арқылы шешудің жолдарын белгілеп берді. Барша отандастарымыз сапында Қонаев қаласының халқы да елдік мақсат-мұраттарға адалдық танытып, алға басып келеді. Қала өңіріндегі әлеуметтік-экономикалық жағдай бұрынғыдан көш ілгеріледі. Қаланың тыныс-тіршілігіне еліміздегі өркенді істердің ықпалы артты. Еңбек үрдісі жана екпінмен жалғасуда. Елжандылық бағыттағы бастамалар да өміршеңдігімен айқындалуда. Осыған орай Қонаев қаласының әкімі Асхат БЕРДІХАНОВҚА жолығып, қала тұрғындарының көкейінде жүрген сауалдар төңірегінде әңгімелескен едік.

- Облыс орталығы мәртебесін алғалы Қонаев қаласында қандай өзгерістер орын алды деп ойлайсыз?

- Облыс орталығы мәртебесін алғалы Қонаев қаласына облыстық деңгейдегі департамент, басқармалардың қызметкерлері көптеп қоныс аударды. Жаңадан жұмыс орындарының ашылуына, құрылыстың қарқынды салынуына орай Алматыдан да қатынап, жұмыс істеп жатқандардың қатары көп. Инвестициялық жобалар да жүзеге асуда. Келешекте Алматы қаласындағы бірқатар оқу орнын Қонаевқа көшіріп, филиалдарын ашу да жоспарда бар. Мұнымен қоса, қала қарқынды дамып, туристік нысан болып табылатын Қапшағай су қоймасының жағалауы жасалып, жаңа келбетке енуде.

Бас жоспар бойынша тұрғындар саны 200 мың болады деп жоспарланған. Қазірдің өзінде 65 мыңнан астам халық тұрады. «Жаңа Іле» аумағы игеріліп, академиялық қалашық салынса, қоныстанушылардың да саны арта түсетіні анық. Міне, осы орайда Қонаев қаласы – болашақтың қаласы болып қалыптасады деп сеніммен айтуға негіз бар.

- Шенгелді алқабының елімізге берер ырыздық-несібесі көл-көсір. Халықтың ауыл шаруашылық өнімдерімен қамтамасыз ету алдыға қойылған міндеттердің бірі. Бұл бағытта бүгінгі нәтиже көңіл көншіте ме?

- Ағымды жылы ауыл шаруашылығы дақылдарының егістері – 8 150,6 га құрады. Оның ішінде дәнді және бұршақ дақылдар – 3073,3 га (бидай – 255,0 га., жүгері – 1027,0 га., арпа – 1791, 7 га.), май дақылдары – 533 , га (соя бұршақтары – 523,0 га., мақсары – 10,0 га), бақша дақылдары – 289,2 га., картоп – 93,3 га., көкөністер – 529,2 га, қант қызылшасы – 227,0 га, мал азықтық дақылдары – 3 405,2 га.

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыру және топырақ құнарлылығын сақтау мақсатында 1300 тонна минералды тыңайтқыштар сатып алуға шарттар әзірленіп, 14 шаруа қожалығы 1200 га егістік алқабына су үнемдеу технологияларын, яғни 230 гектары жаңбырлатып және 970,0 га тамшылатып суғаруды жоспарлады. Көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін 225 тонна дизель отынына өтінімдер беріліп, тауар өндірушілермен 185 тонна дизель отынына 6 шарт жасалды.

Қуаттылығы 1200 басты құрайтын 1 сүт тауарлы ферманың құрылысын салу және Қонаев қаласындағы «Қапшағай Бидай Өнімдері» ЖШС-үн өндіру зауытын іске қосуды жоспарлануда.

- Қонаев қаласында пайдаланылмай жатқан жер учаскелерін анықтау және оларды мемлекет меншігіне қайтару жұмыстары туралы не айтар едіңіз?

- Өткен жылы 15,7 мың гектар, ал биылғы жылы 14,3 мың гектар жердің мақсатқа сай пайдаланылмай жатқаны анықталған болатын. Яғни бұл учаскелер - ауыл шаруашылығы айналымына тартылмаған, инфрақұрылым немесе өндірістік жобаға айналдырылмаған бос жатқан аумақтар. 2024 жылы 4230 гектар жайылымдық жер мемлекеттік босалқы жер қорына қайтарылды. Оның ішінде 668,9 гектары жер иелерінің ерікті түрде қайтарса, ал 339,2 гектар жер Қонаев қалалық сотының шешімімен мемлекет меншігіне өтті. Биыл жылдың басынан бері 1490 гектар жер сот шешімімен мемлекетке қайтарылса, 150 гектар жерді иелері өз еркімен берді.

Сонымен қатар 1121 гектар жерге қатысты материал-

дар Алматы облысының жер ресурстарын басқару департаментіне жолданды. Жер – мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік ресурсы болып табылады. Оны мақсатсыз иемдену немесе пайдаланбау – заң бұзушылық қана емес, қоғам игілігінен тыс қалдыруды білдіретіндіктен басты назарда ұстап отырмыз. Мемлекет пайдаланылмай жатқан жерлерді қайтару арқылы ауыл шаруашылығы өндірісін дамытуға, жаңа инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға, инфрақұрылым жүргізуге және жайылым тапшылығы мәселесін шешуге жол ашуға мүмкіндік туады. Бұл бағытта жер пайдаланушыларға жерді тиімді игеру жөнінде талаптар қоядамыз. Егер талабымыз орындалмаған жағдайда заң аясында тиісті шаралар қабылданатын болады.

- «Жасыл» энергетиканы дамыту бойынша көшбасшы өңірлердің бірі ретінде Қонаев аймағы өз позициясын нығайтып келеді. Жанартылатын энергия көздерін дамытуға инвесторлар тарту қалай жүргізілуде ?

- Биыл жанартылатын энергия көздері нысандарын салуға арналған екі аукцион өткізілді. Қонаев қаласындағы қуаты 100 МВт болатын КЭС жобасы бойынша жеңімпаз ретінде «Дамона» ЖШС анықталып, құрылыс жұмыстары 2026 жылы аяқталады деп жоспарлануда. 2025 жылға арналған Энергетика министрлігінің жоспарына Қонаев қаласында қуаты 40 МВт болатын екі КЭС салу бойынша тағы екі аукцион енгізілді.

Басты мақсатымыз – жобаларды жүзеге асыру үшін барынша ашық әрі болжамды жағдай жасау. Бүгінгі таңда тек өндіріс көлемін арттыру ғана емес, сонымен қатар ЖЭК-ті жалпы энергетикалық жүйеге тиімді интеграциялау үшін сенімді инфрақұрылым қалыптастыру маңызды. Қонаев аймағында жанартылатын энергетиканы дамыту – өңірдің орнықты болашағына қосылған үлес қана емес, сонымен қатар елдің энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды фактор болғандықтан инвесторлардың қызығушылығы жоғары. Келешекте қаламыз «таза» энергия өндірудің орталығына айналады деген үмітіміз басым.

- Ауызсу және кәріз жүйесі туралы сөз қозғалғанда, бұл тақырыпты айналып өте алмаспыз анық. Соңғы бірер жылдың көлемінде біраз жұмыстар атқарылды. Десе де түйінді мәселе неде?

-Бұл сауалыңызға жауап бермес бұрын, мына бір деректерге назар аударар кеткен жөн. Мәселен, Қонаев қаласында сумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы 288 км құрайды десек, оның 230 км (80%) тозған. Кәріз желілерінің ұзындығы 171 км, оның ішінде 137 км (80%) тозған күйде. Осы мәселені шешу үшін үш ірі жоба іске асырылуда. Сумен жабдықтау 42,9 км (16,7%), кәріз желілері 45 км (32%) тозу деңгейін азайту жоспарлануда. №1,2,3,4,5, «Гүлдер», «Қарлығаш» шағын аудандарында кәріз жүйесі мен ауыз су желілеріне қайта жаңғырту және құрылыс-монтаж жұмыстары жүргізілді. 8-10 шағын ауданында кәріз жүйесі мен ауызсу құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталуға жақын.

№19,20, «Спутник» шағын аудандарында сумен жабдықтау және кәріз желілерін реконструкциялау бойынша жобалалық-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Құрылыс жұмыстары 2025-2026 жылдары аралығына жоспарланып отыр.

(Жалғасы 2-бетте)

Туризм кластері

ЖАҢАРҒАН ЖАҒАЖАЙ - ҚАЛАНЫҢ ВИЗИТ КАРТАСЫ

Қапшағай су қоймасының жағалауы Қонаев қаласы облысы орталығы болып құрылғаннан кейін жағажай жаңа кейіпке еніп, балалар және спорт алаңдары, субұрқақтар, суға түсуге арналған ыңғайлы баспалдақтар, орындықтар мен жарықтандыру жүйесімен жабдықталған заманауи қоғамдық кеңістікке айналды. Ауқымды жобаның жүзеге асуына «КСЖ Freedom Life» АҚ қолдау көрсетті.

Урбанистика саласындағы ең үздік стандарттарға сәйкес келетін Қапшағай су қоймасы жағалау аймағында жайлы демалу, серуендеу, спорт-



пен шұғылдану және отбасылық демалыс үшін қажетті жағдай жасалған. Бұл жоба-халық игілігі үшін жүзеге асырылған нәтижелі әрі сапалы серіктестіктің жарқын үлгісі. Қонаев қаласы болашағы зор туристік және мәдени орталықтың бірі ретінде дамуын жалғастырып келеді. Мұндай бастамалар қаланың инфрақұрылымын кешенді жаңғырту жолындағы маңызды қадам болып саналады. Жаңарған жағалау өңірдің инфрақұрылымын жетілдіріп қана қоймай, оның инвестициялық әлеуетін де арттырады. Жаңа жағалау қала тұрғындары мен қонақтары үшін сұранысқа ие және сүйікті орынға айналатын болады.

Қала тұрғындарының демалатын сүйікті орнына айналдыру үшін қомақты ресурс, қажырлы еңбек пен уақыттың жұмсалатыны айқын. Бизнес пен мемлекет арасындағы тиімді әріптестік үлгісі болған ауқымды жобаның жүзеге асыруға «Freedom Life» АҚ 4,53 млрд теңге көлемінде қаржылық қолдау көрсеткен. 2024 жылы басталған абаттандыру жұмысының барлығын құрылысшылар мінсіз атқарып шықты. Бір шақырым болатын жағалау бүгінде отбасылық демалыс үшін тиімді орынға айналып отыр. Сонымен бірге футбол, балалар мен спорттық алаңдар, жаттығу құрылғылары, субұрқақтар тынығушыларға қызмет көрсетуде.

«Бұл кеңістікті шын мәнінде заманауи әрі тартымды ету үшін біз айтарлықтай ресурстар, уақыт пен күш жұмсадық. Бұл – жай ғана инфрақұрылымды жақсарту емес, облыс орталығы Қонаев қаласының болашақ дамуына қосқан нақты үлесіміз. Біз қаланың зор әлеуетіне сенеміз. Мұндай жобалар оның өмір сүруге жайылығын арттыра түседі. Алда әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Туристерге қолайлы жағдай жасау үшін заманауи инфрақұрылым дамытылады. Алдағы уақытта халықаралық деңгейдегі жағажай мен бес жұлдызды екі қонақүйдің құрылысы да қолға алынбақ» делі Freedom Holding Corp. бас атқарушы директоры Тимур Турлов.

Қапшағай су қоймасының солтүстік жағалауындағы жер телімдері түгенделіп, аумақты одан әрі дамыту үшін арнайы жол картасы дайындалғанын айта кеткен жөн. Мұның аясында инфрақұрылымды жақсартуға, рекреациялық аймақтарды дамытуға және қосымша инвестиция тартуға бағытталған бірқатар шараларды жүзеге асыру жоспарланып отыр.



Қаланың жаңа Бас жоспарына сәйкес, аумағы 19 мың гектарға ұлғайтылды. Бұл өз кезегінде туристік нысандардың көбейіп, инвестиция тарту үшін қолайлы жағдай тудыруда.

Жағажайдың ашылу салтанатында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев «Алда әлі де ауқымды жұмыстар күтіп тұр. Туристерге қолайлы жағдай жасау үшін заманауи инфрақұрылым дамытылады. Халықаралық деңгейдегі жағажай мен бес жұлдызды екі қонақүйдің құрылысы да қолға алынбақ», -деген болатын.

«Фридом Финанс» компаниясының абаттандырған жағажайының аумағы бір шақырым жерді алып жатыр. Мұнда шағын сәулеттік нысандар, орындықтар, шатырлар, фудкорттар, заманауи конструкциялар, бизнес орындары, санитарлық аймақтар, фотоаймақтар орналасқан. Аталған жағажай №5 жағажайдың маңында қоныс тепкен. «Ал №6,7 жағажайларды «Қонаев ӘКК» АҚ қаржысына абаттандырып, қолданысқа беру жоспарланған. №8 жағажайда ауқымды инвестжобаның құрылысы басталып, бұл жер Атракциондар паркіне айналады деп көзделуде.

Қонаев қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Семей полигонының өзекті мәселесі

Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі 2022 жылдың 18 тамызында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Алматы облыстық Әділет департаментінде тіркеуден өтіп, тұрақты жұмыс істеп келеді. Бірлестіктің негізгі қызмет мақсаты - Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының шегінде Қонаев қаласы өңіріне Семей ядролық атом полигоны аймағынан көшіп келген азаматтардың құқықтарын қорғау және жүзеге асыру. Сонымен бірге ұйым мүшелерінің әлеуметтік-тұрмыстық, еңбек құқықтарын және өмірі мен денсаулығын қорғау, қайырымдылық қызметіне қатысу, мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру жұмыстарын жүргізу.

1992 жылы «Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтың салдарынан зардап шегушінің жеңілдіктері мен өтемақы алу құқығын растайтын» куәлік берілді. Заң аясында бекітілген куәлікте «полигонда болған және Қазақстанның басқа жерлеріне көшіп кеткендерге мынадай жеңілдіктер беріледі» деп айқын жазылған:

1. Жеңілдікті шарттармен зейнетақы алу.
2. Еңбек өтілін есептеу бойынша жеңілдіктерді иемдену.

3. Қосымша еңбекақы және жыл сайынғы қосымша ақылы еңбек демалысын алуға құқылы.

Ресми құжатта осы баптар тайға таңба баскандай көрсетілген. Алайда оның орындалуын Қонаев қаласы аймағындағы жұмыс беруші мекемелер жүзеге асырмай келеді. Одан бөлек сол заңда «Ядролық сынақ полигонынан зардап шеккен азаматтардың жалақысы мен зейнетақысына экологиялық үстеме ақша қосылады, экологиялық демалыстар беріледі және сауықтыру шипажайларына тегін жіберіледі» деген уәде берілген. Өзіміздің тарапымыздан жүргізілген сауалнамызда бірлестік мүшелерінің мұндай жеңілдіктерді алмайтындығын анықтадық. Қонаев қаласына бұрынғы Семей (қазіргі Абай), Шығыс Қазақстан, Павлодар, Қарағанды облыстарынан көшіп келіп қоныстанғандар бұл күндері жұмыс берушілердің тарапынан түрлі кедергілерге тап болып жүр. Жұмыс беруші мекемелер экологиялық куәлікте көрсетілген бап әлі заңдық күшін жоймаса да: «Қазір полигон аймағында тұрмайсыз, сондықтан өтемақы төленбейді» деп олардың шағым-арыздарын шығарып салма жауаптармен кері қайтарумен келеді.

Әкім мінбері

ҚОНАЕВ – БОЛАШАҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Шеңгелді ауылында жаңа бөлінген жер учаскелеріне ауызу желісін тарту қарастырылған. Жоба мемлекеттік сараптамаға наурыз айында өткізілді. Сараптаманың оң қорытындысы шыққаннан кейін қаражат бөлу мәселесі шешілетін болады. Аталмыш жобаның құрылыс монтаждау жұмыстары 4 млрд. теңгені құрайды.

- «Жылумен жабдықтауды жаңғырту» бағдарламасы аясында қандай жұмыстар атқарылуда?

- Облыс орталығы мәртебесін алған сәттен бастап Қонаевта құрылыс айтарлықтай жанданды, сәйкесінше, жылу энергиясын тұтынушылар саны да өсе түсті. Осыған байланысты және нысанның қуатын арттыру мақсатында «Жылу орталығы» қалалық тұрғын - үй коммуналдық шаруашылық бөліміне 4 бу қазандығын ауыстыруға өтінім берген болатын. Нәтижесінде мемлекеттік сатып алу порталы арқылы тендер өткізіліп, қазандықтар сатып алынды. Қазандықтар үстіміздегі жылыту маусымы басталғанға дейін орнатылатын болады.

Өткен жылы Қонаев қаласының Алматы көшесінде ұзындығы 3,1 км жылу трассасы салынып, жаңа жылу трассасына 4 және 5 шағын аудандардың үйлері, бұрын орталық жылытуы болмаған «Sun City» тұрғын үй кешені қосылды. №1,2,3,5,12,18,20 шағын аудандарындағы тұрғын үйлерді, білім беру мекемелерін, аурухана мен әкімшілік ғимараттарын қамтитын 2,1 км жылу желілері күрделі жөндеуден өтті. Биылғы жылы Алматы көшесіндегі 2,4,5 тұрғын үйлер мен коммерциялық ұйымдарды, орта мектеп-гимназияны жаңа жылу трассасына қосу және Сейфуллин көшесіндегі ТК-1-ден ТК-14-ке дейін жылу желілерін ауыстыру жоспарлануда.

- Көше жарығы – қауіпсіздік кепілі. Қала тұрғындарының кешкі уақытта жайлы әрі қауіпсіз жүруі көше жарығына байланысты. Істеліп жатқан жұмыстарға көңіліңіз тола ма?

- Өте орынды сауал. Қаланы жарықтандыру көптеген функцияны орындайтыны белгілі. Ол айналаға жылылық пен жайлылық беріп қана қоймай, қаланың көркем келбетін айшықтай түседі. Дегенмен оның басты міндеті – қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сапалы жарықтандыру қылмыс пен жол-көлік оқиғаларының ықтималдылығын азайтады.

Қонаев қаласында көшелерді жарықтандыру жөнінен ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Жарықсыз аймақтарды инспекторлар, көше мониторингі, ауыл әкімдіктері мен тұрғындардан түсетін өтініштерін саралау арқылы анықтаймыз. Электр желілері бойынша соңғы бір жыл ішінде қаладағы негізгі көшелердің бойына 1020 ақылды шамдар орнатылды. Бұл шамдар автоматты түрде өздігінен қосылып, сөнеді. Жарықтандырылмаған көшелер мен аула аумақтарында 578 тірек, 70 диодты шамдар, жаяу жүргіншілер жолдарының бойында 331 сәндік шамдар қойылды. Биылғы жылы жаяу жүргіншілер жолдарына 3500 шам орнатылады. Бұл өз кезегінде біздің тұрғындардың қоғамдық кеңістіктерде жайлы және қауіпсіз жүруіне оң әсер ететіндігі анық. Осы орайда айта кетер жайт, былтыр жаяу жүргіншілер жолының бойында 284 дана, сондай-ақ жаяу жүргіншілер көпірлерінде 47 дана сәндік шам жаңартылған болатын.

- Ескі трансформаторлар жиі істен шығатындықтан тұрғындардың тарапынан әкімдікке арыз-шағымдар түсетіндігінен хабардармыз. Бұл мәселені шешуде қандай қадамдар жасалды?

ОҢАЛТУ ШАРАЛАРЫ МАҢЫЗДЫ БОЛУЫ КЕРЕК



Қазақстан Республикасы Парламент Мәжілісінің депутаты, Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің мүшесі Гауһар Танашеваның 2024 жылы қаңтар айында Қонаев қаласында келген іс-сапары барысында, Семей полигонынан зардап шеккендерге тиісті әлеуметтік және медициналық жеңілдіктер алуға көмектесу туралы сауал жолдаған болатын. Осыған орай ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаментінің директоры Азамат Дүйсенов Бірлестікке жауап қайтарды. Сонымен бірге «Байтақ» жасылдар партиясы» ҚБ Алматы облыстық филиалында партия төрағасы Азаматхан Әміртаймен Алматы және Қонаев қалаларындағы «Семей ядролық полигоны» қоғамдық бірлестіктері бірлесіп кездесу ұйымдастырып, таза су мен ауа, таза жер, таза адами қарым-қатынас туралы төңірегінде ой-пікірлер ортаға салынып, ұсыныстар білдірілген еді. 2024 жылдың 12 қарашасында «Ауыл» партиясының төрағасы Серік Егізбаевпен Алматы қаласында болған кездесуде, Семей ядролық полигонынан зардап шеккендердің бүгінгі бастан кешіп отырған ахуалы туралы өтініш-хат табысталды. Бұған Серік Рахметоллаұлы: «Ауыл» партиясының депутаттары атал-

мыш мәселені жан-жақты зерделеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне депутаттық сауал жолдайтындықтары жөнінде» 2024 жылдың 12 желтоқсанында Бірлестікке ресми жауап берді. Бірақ Үкімет тарапынан ресми жауап алғанымыз жоқ. Олардың үнсіздігіне қарағанда полигоннан зардап шеккен азаматтардың құқын естерінен шығарып алған сияқты.

Полигонның салдарынан түрлі дертке шалдыққан Бірлестік мүшелерін тиісті деңгейде емделу және оларға оңалту қызметін көрсету үшін Қонаев қаласының ауруханасының бас дәрігері Айман Рақышевамен және Алматы қаласындағы «Республикалық Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне арналған госпиталь» директоры Гауһар Жұмасейітовамен кездесу барысында, госпитальдан Қонаев қаласына жылдық квота бөлу мәселесін қарастыру жөнінде пікір алмасылды. Соның нәтижесінде өткен жылы бірінші рет Қонаев қаласынан 47 адам госпитальда ем алып қайтты. Қонаев қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі арқылы полигон куәлігін жоғалтып алған 11 адамға көмек көрсетіліп, олар қалалық Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы жаңа куәлікке ие болды.

«Семей ядролық полигоны» қоғамдық қорының, «Астана қаласы мүгедектер қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болатбек Әбдікәрімнің журналистке берген сұхбатында: «ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Светлана Жақыповамен кездесіп, по-



лигон мәселесін ашық айттым. Үкіметтегілер маған «Сендер көпсіңдер» дейді. Мен «Көп болғанымыз үшін біздің кінәміз жоқ. Біз өмірге келгенімізде көзімізді ашпай жатып, тажал полигонның аузына тығып жібердіңдер. Екі қолы жоқ Кәріпбек Күйіков бауырымыз сияқты кемтар болып, психикалық дертке шалдығып қор болған қаншама адам бар» деп айтқаны бар.

Қазір қалалық бірлестікке 500-ден астам мүше тіркелген. Бұлар тіркелгені ғана, ал тіркелмей жүргендері де баршылық. Осы бағытта жұмысымызды жалғастырып та жатырмыз. Иә, біздер көп болғанымыз үшін кінәлі емеспіз. Полигон сынағының азабына шыдап келе жатқан азаматтар заң жүзінде қорғалған өз құқықтарын қорғау мақсатында 2022 жылы Алматыда Семей полигонындағы соңғы ядролық жарылыс күніне арналған халықаралық конференция өткен болатын. Конференцияға қатысқан қоғам қайраткерлері, саясаткерлер, ғалымдар, мәдениет өкілдері ядролық сынақтардан зардап шеккен адамдардың мәселесін және оларды қорғайтын заңды қайта қарау қажеттілігін айтып, Үкіметке, Денсаулық сақтау, Экология және табиғи ресурстар, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне жүгіну туралы шешім қабылдаған еді. Бұл мәселе әлі күнге сөз жүзінде қалып келеді. Айтылған сөз аяқасты қалды.

Ал жергілікті жерлерде мемлекеттік қызметте отырған жастардың полигоннан хабары жоқ. Сондықтан жергілікті құзырлы орган басшылары «Біз тек заңға бағынамыз» деген сырғытпа жауаптармен шығарып салумен келеді. Полигондағы ядролық сынағынан басқа аймаққа қоныс аударғандар үшін оңалту шаралары онды көрсетілмеуде. Жоқтың қасы десе де болады. Бұл жерде берілетін бір реттік төлемдерден гөрі, оңалту шаралары маңызды болуы керек. Еңбек демалысына он күн қосып берумен ғана шектелмей, осы он күнге қандай да бір демалыс ұйымдастырып, сәуеленуден кейінгі оңалтуға көмектесетін, азғаға пайдалы азық-түлік қорымен қамтамасыз ету керек. Бұдан шығудың жалғыз жолы – полигоннан зардап шеккендер туралы уақыт талабына сай заң нормаларына өзгерістер енгізу керек немесе мүлде жаңа заң қабылдау қажет. Басқа жол жоқ!

Назым ЧАЖАЙБАЕВА,
Қонаев қалалық «Семей ядролық сынағынан жапа шеккендер» қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары.

қосымша қоймалар, полипропилен қаптар шығаратын цех салу қарастырылған.

«ASP Arena» бұқаралық мәдени іс-шараларды өткізуге арналған туристік, спорттық ойын-сауық кешені Қапшағай су қоймасының оңтүстік-батыс жағалауында «Laguna Properties» ЖШС іске асыратын инвестициялық жоба. Аумағы – 64 га. Инвестиция қаражаты – 8,1 млрд теңге. Жоба бойынша аумақта қонақүй кешені, 500 орынды мейрамхана, 1000 шатырға арналған кемпинг алаңы, 3600 орынды трибуна және аумағы 15,4 мың шаршы метр іс-шараларды өткізуге арналған арена, пилоттық академия, бассейн қарастырылған. Нысан пайдалануға берілгенде кәсіби ұшқыштарды аттестаттау, спорттық автомобильдерді және квадроциклдерді жалға алу, картинг, көрме павильоны, автосимуляторларда пилоттауды оқыту сынды қызметтер көрсететін болады.

- Қалада құрылыс қарқынды жүргізілуде. Осыған орай халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мүмкіндігі қандай деңгейде деп айтуға болады?

- Қазіргі таңда 6 жеке құрылыс компаниясы ауданы 121 мың шаршы метрді құрайтын тұрғын үй кешенін салып жатыр. Кешендердің бірі 10 - шағынауданда орналасқан («Алину Транс құрылыс») ЖШС-ның «NNS City» атты кешені). Мұндағы тұрғын үйлердің жалпы ауданы 53,277 шаршы метрді құрайды. Барлығы 615 пәтер болады. Құрылысы биыл тамыз айында аяқталады деп күтілуде. Пәтерлер түрлі бағдарламалар арқылы ипотекаға беріледі.

Былытр Қонаев қаласында 62 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді. Оның 18 мың шаршы метрі жеке тұрғын үй болса, қалғаны жеке инвестор қаржысына салынды. Алдағы уақытта 60 пәтерлі 9 тұрғын үй мен 50 пәтерлі бір тұрғын үй бюджет қаражатына салыныпты болады.

Сонымен қатар 176 пәтер мен 17 тұрғын үйді сатып алу жоспарланған. Бұдан басқа 10 - ықшамауданында 180 пәтерлік несиелік үш тұрғын үйдің құрылысы аяқталуға жақын. Бұл үйлер Қонаев қаласында тұрғын үй кезегінде тұрған тұрғындарға «Отбасы» банкнен несие арқылы беріледі. Былытрдан бері 165 әлеуметтік осал топтан шыққан отбасы баспаналы болды. 4 апатты үйден көшірілген 15 отбасы жаңа баспанаға қол жеткізді. Жыл соңына дейін 156 пәтер тапсыруды жоспарлап отырмыз.

- Егер статистикаға сүйенсек, жолаушылар автобус арқылы көп тасымалданады екен. Қонаев қаласында қоғамдық көліктердің аздығы байқалады. Содан барып ыңғайсыздық та туындап жататын кездер бар. Автобус паркі жаңара ма?

- Қоғам бар жерде көлік мәселесінің туындауы таңқаларлық жағдай емес. Адам саны мен тұрғын жайдың көбейгені сол қоғамдық көлікке деген сұранысты бұрынғыдан да арттыра түсті. Әкімдік үшін қоғамдық көлік мәселесін шешу күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің қатарына жатады. Себебі, тұрғындардың қатынауына қолайлы жағдай жасалуы қажет деп білемін.

Бүгінгі күні Қонаев қаласында, жалпы 28-дана техникасымен, 9-маршруттарымен (№ 1 Қонаев-Арна, № 2, № 3, № 4, № 7, № 8, Қонаев – Шеңгелды - Сарыбұлақ - Кербұлақ, Қонаев - Шеңгелді - Қосқұдық, Қонаев - Заречный) қамтамасыз етілген. Жалпы маршруттар қалаішілік және қала маңындағы 6 елді мекендеріне бағытталған. 2024 жылы 2 автобус сатып алынған болатын, биыл автопаркты 5 автобуспен толықтыру жоспарлануда. Қонаев қаласының «Гүлдер», «Арна» және «Восточный» шағын аудандарында 34 жаңа автобус аялдамасы орнатылды.

- Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан Зарыкқан ӘБІЛҚАСЫМҰЛЫ.

Ардагерлер алдыңғы сапта

Мемлекет басқару ісінде тәжірибесі мол мамандардың қандай бір қоғам болмасын пайдалы болатыны даусыз. Әсіресе, елді рухани тұрғыдан басқаруға немесе әдептілік, ауызбіршілік қалыптастыруда ардагерлердің рөлі ерекше. Алдыңғы толқынның әрбір өнегелі сөзі, тағылымды еңбектері кейінгі жастарға үлгі, бағдар іспетті. Үлкеннің ұлағаты мен ізгілікті істері күнделікті өмірімізде көрініс тауып жататыны сүйінішті.

Қонаев қалалық ардагерлер кеңесінің мақсаты - ұлттық болмысымыз, салт-дәстүрлеріміз, ұлттық қасиеттеріміз бен құндылықтарымыз негізінде елдің тұрақтылығы мен ауызбіршілігін сақтау, ел ішіндегі дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге, ел ішіндегі ұлттық салт-дәстүрлеріміздің сақталуына, жастар тәжірбиесіне, елдегі халық пен билік арасындағы байланыс пен түсіністікке, халықтың тұрмыстық әл-ауқатының, ардагерлердің денсаулығы мен жағдайын жақсартуға ықпал ету. Сондықтан да кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, сондай-ақ «Ардагерлер туралы» Заңды басшылыққа алып жұмыс жүргізіп келеді.

Қала аймағында 20-дан астам ұлт пен ұлыс тұрады. Атап айтар болсақ, бүгінде мұнда қазақ, орыс, өзбек, әзірбайжан, тәжік, татар, түрік, кәріс, украин, неміс, ұйғыр, шешен ұлтының өкілдері тату-тәтті тіршілік кешуде. Осыдан-ақ облыс орталығындағы Ардагерлер кеңесіне артылған жауапкершілік жүгінің қаншалықты

ауыр екенін байқауға болады. Ардагерлер кеңесі қаладағы сан-алуан мәселелерді талқылап, ұйғарымға келетін, ресми орындарға ұсыныс беретін көпшілікті басқарудың қоғамдық бір түрі болып табылады. Қала аумағындағы Шенгелді ауыл округінде Шенгелді, Қосқұдық, Сарыбұлақ, Кербұлақ, Ақөзек ауылдарында ардагерлер кеңестері жұмыс істейді. Кеңес құрамына жергілікті жерде ұрпағы өсіп-өніп отырған қариялар енген.

Қазақстан Республикасы «Ардагерлер туралы» заңында ардагерлер санаты мен олардың әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілген. Осыған орай жергілікті ардагерлерді ұйымдастырып, олардың белсенділігін көтеріп, іс-тәжірбиесін пайдалану, ардагерлердің мұң-мұқтажын шешуді, денсаулығын жақсартуды тиісті орындар алдына қойып отыру, өзекті мәселелерді шешуде билік пен халық арасында «алтын көпір» рөлін атқарып отыруды жүзеге асыру ардагерлер кеңесінің басты міндеті болып саналады.

Осы міндетті жүзеге асыру бағытында қалалық ардагерлер ұйымы тарапынан жылдық іс-шаралар жоспар



жасалып, ардагерлер ұйымдарының белсенді мүшелерінен құрылған үгіт-насихат топтары мемлекет тарапынан қабылданған мемлекеттік бағдарламалар бойынша тұрғындармен арнайы жиындар, кездесулер ұйымдастырып келеді. Бұл кездесулерді ардагерлер мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың басшыларымен, мамандарымен, эксперттерімен бірігіп жүзеге асыруда.

Біздің ұйым кеңесі жергілікті атқарушы органдармен және басқа да қоғамдық ұйымдармен бірлесе отырып, барлық кәсіби мерекелердің жоғары деңгейде аталып өтуіне атса-

лысуда. Қалалық ұйым құрамында 9400 ардагер бар. Ардагерлер құрамында 1 адам - Ұлы Отан соғысының ардагері болса, 120 тыл ардагері есепте тұрады.

Қала ардагерлері «Дәнекер» жобасын іске асыру арқылы ұлттық салт-дәстүрді насихаттау, жас ұрпақты және отбасылық құндылықтарды тәрбиелеу мақсатында қалалық білім бөлімі ұйымдастырған мектептерде өткен барлық іс-шараларға қатысты. Жастар арасында лудомания, наркомания, діни фанатизмнің алдын алу, балалар арасында интернетке тәуелділік пен азарттық ойындардың алдын алу бойынша қалалық аналар кеңесімен бірлесіп, колледж және мектеп оқушылары арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Білім беру мекемелері мен әскери бөлімшелерде Ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігімен 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына арналған жаппай еске алу сабақтары мен басқа да насихаттық-тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырудың ұйтықысы бола білді.

Қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген Ізгілеу Тойшыбайұлы, Орынбай Тойлыбеков, Тастемір Байғабылов, Бауыржан Нұқаев, Балтабай Нұрсейітов, Бекзат Махатов, Қанат Молдабергенов, Серік Сәрсенбаев, Бақытбек Дәулетов, Батырхан Ақба-лиев, Ғабит Жылқыбаев, Қартбаба

Момбеков, Талыбай Жанғозов, Жетпіс Мырзаханов сынды ардагерлер алдыңғы саптан көрініп, белсенді жұмыстарымен өзгелерге үлгі болуда.

Қазіргі таңда қалада зейнеткерлерді ардагер ұйымының қатарына тарту жұмыстарын жүргізу жалғасуда. Алдағы уақытта бастауыш ардагерлер ұйымдарының жүйелік құрылымдарын жетілдіру, жасы келген адамдардың қоғамдық саяси іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету, оларды бастауыш ұйымдарға тіркелуін қадағалап, жұмыс жүргізу ардагерлер кеңесінің мақсат-міндеті болып қала бермек.

Ұлттық болмысымыз, салт-дәстүрлеріміз, ұлттық қасиеттеріміз бен құндылықтарымыз негізінде елдің тұрақтылығы мен ауызбіршілігін сақтау, ел ішіндегі дау-дамайларды бейбіт жолмен шешуге, ел ішіндегі ұлттық салт-дәстүрлеріміздің сақталуына, жастардың тәлім-тәрбиесіне, халықтың тұрмыстық әл-ауқатының, соның ішінде ардагерлердің денсаулығы мен жағдайын жақсартуға ықпал ету-біз әңгімемізге арқау етіп отырған ардагерлер кеңесіне жүктелген міндет. Міне, сондықтан, жергілікті ардагерлерді ұйымдастырып, олардың белсенділігін көтеріп, мұң-мұқтажын ескеріп отырған, денсаулығын жақсартуды тиісті орындар алдына қоя білген, өзекті мәселелерді шешуде билік пен халық арасында «алтын көпірге» айналған Ардагерлер кеңесіндегі қарияларға айтар алғысым шексіз.

Базарбай ОРАЛБАЕВ,
Қонаев қалалық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2029 жылға дейінгі Ұлттық жобасының даму бағытының негізгі мақсатына халық денсаулығының жалпы деңгейін арттыру және орташа өмір сүру ұзақтығын 77 жасқа дейін жеткізу міндетін қойған болатын. Нәтижесінде соңғы жылдары халықтың орташа өмір сүру ұзақтығы арта түсті. Асыл қазынамызға айналған қарттарға жағдай жасап, құрмет көрсету және қала тұрғындарының өмір сүру ұзақтығын арттыру мақсатында Алматы облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының қолдауымен 2024 жылдың қыркүйек айында Қонаев қаласында «Белсенді ұзақ өмір орталығының» филиалы ашылып, өз жұмысын бастаған болатын.

Үш бағыт бойынша жұмыс істеудеміз



психологиялық саулығына ықпал ету арқылы өмір сүру ұзақтығын арттыру негізгі жұмыстарымыздың бірі болып есептеледі.

Сонымен бірге Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының негізгі бағыттарына: қамқорлық пен күтімге мұқтаж барлық адамдар үшін медициналық және әлеуметтік қызметтерге тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, аға буын азаматтарының негізгі адам құқықтарына, қабылдеттеріне, қажеттіліктері мен қалауына сәйкес әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани қызметке толыққанды қатысуына жәрдемдесу, адам құқықтары мен адамдардың әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ету, қадір-қасиеттерін сақтау және қамқорлық кепілдігін қамтамасыз ету жатады.

Қызмет алушылардың денсаулығын бақылап отыруда медбике Салтанат Тастаева сапалы медициналық көмек пен кеңейтілген консультациялар беру үшін қалалық ауруханамен белсенді ынтымақтастықта жұмыс жүргізіп келеді. Сондай-ақ физикалық белсенділік жаттығулары ұйымдастырылып, салауатты өмір салтын насихаттайтын және аурулардың алдын алуға бағытталған іс-шаралар өткізілуде. Орталықтың штатында дәрігер, психолог, нутрициолог және геронтолог бар.

Келушілерге әлеуметтік қызметкер Шайзада Тоқтамбетова мен Елена Трофимова, Лариса Кремпин, Анатолий Мирошниченко, Ләйла Исабаева, Мереке Рамазан, Руфина Габайдуллина, Иминжан Сакуров сынды білікті жаттықтырушы мамандар уақытпен санаспай қарттарға барлық кезеңдерде көмек көрсетуде. Орталықтың вокал тобы биылғы жылы наурыз айында Алматы қаласында өткен «Халық таланттары» атты халықаралық фестивальде 1-орынды жеңіп алып, ортаға алғашқы жүлдесін салған жетістігін ерекше атай кеткенді жөн көріп отырмын. Алдағы уақытта ұйымдастырылатын жарыстар мен байқауларға ұйымдасқан түрде қатысып, ашық аспан астында іс-шаралар, саяхаттар өткізуді жоспарлап отырмыз.

Халипа РАХМЕТОВА,
«Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КМММ
Қонаев қаласы филиалының кеңесшісі.

Бәрі балалар үшін

«Ана сәулесі» - үміт шамшырағы

Көпбалалы аналарды қолдау мақсатында құрылған «Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігінің заңды түрде тіркелгеніне бес жылдың жүзі болды. Осы уақыт аралығында қоғамдық бірлестік ауқымды жұмыстар атқарып көпбалалы аналар үшін сенімді тірекке айналды. Көпбалалы аналар бір-біріне қолдау көрсету арқылы көптеген қиындықтарды еңсеріп, ұйымға деген сенімін нығайтты. Қазіргі кезде Қонаев қаласында 1800-ден астам көпбалалы ана бар, олардың 625-і WhatsApp тобына тіркелген. Бұл топ көпбалалы аналар үшін қолжетімді әрі жылдам көмек көрсету алаңына айналып отыр. Әрбір ана өзін толғандырған сауалын қойып, қолдау табады, қажетті кеңестер алып, қиындықтарды бірлесе еңсеруге мүмкіндік алып жүр.

«Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігінің басты ерекшелігі-ешбір тұрақты демеушісіз жұмыс атқарып келеді. Көпбалала аналар өз күштеріне, бірліктеріне сүйене отырып, мұқтаж жандарға қол ұшын созуда.Топ мүшелері қаржылай қолдау көрсетіп, қажетті азық-түлік, киім-кешек және тұрмыстық заттар жинап, мұқтаж отбасыларға жеткізеді. Әрбір ананың құқықтарын қорғау, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, жасөспірімдерге дұрыс тәлім-тәрбие беру бірлестік мүшелерінің басты мақсаты.

Ұйым тек әлеуметтік көмектермен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар мерекелік іс-шараларды да жоғары деңгейде ұйымдастырып жүр. 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күніне орай аналарға сыйлықтар тарту етсе, Наурыз мейрамында қазақ үй тігіп, дастархан жайып, ұлттық тағамдар әзірлейді, Ораза айында ауызашар беріп, көпшілікпен бірге игі істерге ыйтқы болады. Республикалық, облыстық деңгейде өткізілетін акциялардан да тыс қалмай, әрбір игі бастамаға қолдау білдіріп, жан-жақты атсалысып өз үлестерін қосып келеді.

Ұйымға келетін көпбалалы аналардың басты үміті қолдау мен түсіністік табу. Олардың әрқайсысы материалдық көмектен бөлек, моральдық қолдауға да мұқтаж. Олардың сенімін ақтау үшін бірлестік төрағасы Жанат Қалжанова аянбай еңбек етіп келеді. Қазіргі кезде бірлестік арқылы көпбалалы аналар мемлекеттен берілетін барлық көмекті алып, әлеуметтік жобаларға қатысып, өздерін дамыту мүмкіндігіне ие болып отыр. Сондықтан ұйымға мүше аналардың қатары күн санап арта түсуде.

«Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігі қалалық әкімдікпен, мешіттермен және басқа да қоғамдық ұйымдармен тығыз байланыс орнатқан. Мәселен, мешіттің қолдауымен әлеуметтік осал топтарға азық-түлік алу үшін арнайы сұраныстар жазып, көмек көрсетеді. Әр ай сайын жағдайы төмен көпбалалы отбасыларға көмек кезекпен беріліп отырады. WhatsApp тобындағы аналардың бір ерекшелігі-олар ұйымның тәртібін қатаң сақтайды. Әрбір отбасы кезекпен көмек алып, әділдік принципін сақтайды. Мысалы,

бір айда көмек алған отбасы келесі айда алмайды, ал жаңа жобалар мен акцияларға бір рет қатысқан аналар келесі жолы басқаларға мүмкіндік береді. Осындай қатаң тәртіп ұйымдағы тәртіп пен үйлесімділікті сақтап отыр.

Барлық жұмыстарды үйлестіріп, ұйым мүшелерімен ынтымақтаса жұмыс жүргізіп, іргелі табыстарға қол жеткізіп келе жатқан қалалық «Ана сәулесі» көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігінің төрағасы, Қонаев қаласының Құрметті азаматы Жанат Қалжановаға деген көпбалалы аналардың алғысы шексіз.

Жанат Медетқызы 1970 жылы 27 тамызда Қызылорда облысы Арал қаласында дүниеге келген. Туған жерінде мал дәрігері мамандығын меңгерген ол 1990 жылы қазіргі



Қонаев қаласына қоныс аударған. Еңбек жолын «АДК» құрылыс компаниясының филиалында бастаған. Одан кейін «Алматыгосстрой» құрылыс компаниясында абыройлы еңбек еткен. 2007 жылы «Гибрат» атты республикалық көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігінің қалалық филиалын төрағасы болып сайланған күннен бастап, көпбалалы аналардың өтініштерін, шағымдарын тиісті орындарға жеткізіп, олардың өзекті мәселелерінің оң шешімін табуы үшін барлық күш-жігерін арнады.

2009 жылы көпбалалы аналарды жұмыспен қамту мақсатында колөнершілер шеберханасын ашып, оны жыл өткен сайын дамыта түсті. Бүгінде «Indiga» қыз жасауы пехы қаланың 10 ықшамаудандағы жаңадан салынған арнайы ғимаратқа қоныстанған. Ресейден, Чехиядан, Түр-

киядан келген заманауи құрылғылармен жабдықталған цехта 10-нан астам қыз-келіншек еңбек етуде. Кезінде жұмыссыз жүрген көпбалалы аналарды жұмыспен қамту ниетінен туындаған игі бастамасы бұл күндері өз жемісін беріп отыр.

«Ана сәулесі» қоғамдық бірлестігі мүшелері еңбек ететін колөнершілер шеберханасының өнімдері алыс-жақын шетелдерге экспортқа шығарылуда. Сонымен қатар ішкі саясат басқармасы ҰЕҰ-дың консалтинг орталығы арқылы өткізілген «Жаңа бастамалар – жаңа мүмкіндіктер» атты әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесіне қатысқан қоғамдық бірлестіктің басшысы Жанат Қалжанова көпбалалы аналарға арналған «Дәмді тұшпара цехы» жобасы бойынша грантты жеңіп алып, тұшпара цехын ашты. Өнімдері «Дәмді» брендімен қалалық дүкендерде сатылуда.

Жанат Медетқызы «Ана сәулесі» көпбалалы аналар қоғамдық бірлестігінің төрағалығымен қатар қалалық қоғамдық кеңестің мүшесі, қалалық деңгейдегі жер мәселесі бойынша комиссияның, грант комиссиясының, қала әкімдігі жанындағы құқықбұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстволық

комиссияның, атаулы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі комиссияның мүшесі болып қоғамдық қызмет атқарады.

-Өмірдің әр кезеңінде түрлі қиындықтар кездеседі, бірақ ең бастысы ешқашан берілмеу керек. Мен өзім 28 жасымда төрт баламен жалғыз қалдым. Сол кезде өзімді жоғалтпай, алға ұмтылудың маңыздылығын түсіндім. Көп балалы аналарға айтар ең басты кеңесім-ешқашан мойымау, өмірдің әр сәтінен күш-қуат таба білу. Еңбек ету, бір-біріне қолдау көрсету арқылы кез келген қиындықты жеңуге болады. Біздің ұйым дәл осы қағидамен жұмыс істеп келеді,-деп жүрекжарды тілегін білдірген Жанат Медетқызы мен бірлестік мүшелеріне ана бақытын, биік меже, толағай толымды табысты еңбек тілейміз.

Заңғар АЛТАЙ.

Көңілді мереке

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР КУАНЫШКА КЕНЕЛДІ

Қонаев қаласында Балаларды қорғау күні ерекше қажеттіліктері бар балаларға арналған мереке өтті. Оны Қонаев қаласындағы қалалық филиалын Зура Садықова басқаратын Ерекше балалардың ата-аналар одағы ұйымдастырды. Мереке-келік шараға қалада әр түрлі топтағы 110 баланың 80-і келіп қатысты.

Аталмыш шараға «Ақ жол» партиясының мүшесі, облыстық мәслихат депутаты Сергей Горяной, «Ауыл» партиясының облыстық филиалының төрағасы Қанат Бекиев, «Аманат» партиясынан «Жастар рухы» Алматы облысы бойынша жастар қанатының төрағасы Медет Бекбергенов қатысып, демеушілік танытты.

Бұл шарадан «Маревен-Фуд Тянь-Шань» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Қонаев қаласындағы киім дүкендері, қалалық жылу желісі, «Маки Маки» серіктестігіндегі бизнес өкілдері де қалыс қалмады. Олардың кейбіреуі тәттілер мен сыйлықтар берсе, енді бірі ұйымдастыруға көмектесті, ал енді біреуі ықыласты ниетімен балаларға көңіл мен жылу сыйлау үшін келді.

Шараны ұйымдастыруда еріктілер айрықша белсенділік танытты. Олардың қатарында жастар, студенттер мен ата-аналар болып, түрлі ойындар ұйымдастырып, балалармен бірге ән айтты, би биледі, тәттілер таратты. Мереке шын мәнінде жылы шырайда көңілді өтті.



Балалар бүгін шын көңілден ойнап, күліп, қуанып қалды. Біз үшін бұдан маңызды ештеңе жоқ. Біз оларға осындай бақыт сыйлағанымызға қуаныштымыз, - деді облыстық мәслихаттың депутаты Сергей Горяной.

Өз тілшіміз.

Қоршаған ортаға қамқорлық

Экобастама іске қосылды

Қапшағай су қоймасының жағасына ағаштар егіліп, Орталық Азиядағы ірі экобастама іске қосылды. Мұнда ондаған жыл ішінде 3 жарым миллион тал егу жоспарда бар. Осылайша, Қонаев өңірі еліміздің экономикалық әрі климаттық ресурсына айналмақ. Оған қоса, 1500 гектар жер аумағында жасыл орман екпелері, фермерлік учаскелер мен экотуризм объектілері пайда болады. Әр гектар жыл сайын шамамен 26 тонна көмірқышқыл газын сіңіріп, 30 жылдан кейін 1,2 миллион тонна шығарындыларға айналады.

Егер осы көрсеткіш жүзеге асырылса, Қазақстан 2060 жылға қарай көміртегі бейтараптығын иеленіп, климат жөніндегі Париж келісімін және «Таза Қазақстан» акциясын орындауда ерекше рөл атқармақ. Алдағы уақытта жоба егіншілік пен экотуризмді дамытып, жаңа жұмыс орындары құрылатын болады.

Бұл жоба барлық кәсіпорындарға орманға инвестиция салуға және халықаралық стандарттарға сәйкес көміртегі бірліктерін сатуға жол ашады. Іс-шара бизнес пен ғылымның жұмысын өзара біріктіреді. Яғни, инвестициялық климатты жақсартудың катализаторы болады. Осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі – 2025 жылғы 22 наурызда өткен ауқымды экологиялық акция өткізіліп, Қапшағай су қоймасының

жағалауына 22 000 қарағай көшеті отырғызылды.

Қазақстанда экожүйені қалпына



келтіру және аумақтарды көгалдандыру жұмыстары белсенді түрде жүргізілуде. Жеке инвестициялар есебінен жүзеге асырылған жоба өңірдегі экологиялық жағдайды жақсартуға, табиғи тепе-теңдікті қалпына келтіруге, ауа сапасын арттыруға және биоалуантүрлілікті сақтауға

бағытталған. Көшеттер алғашқы сорғы станциясы маңында отырғызылды, болашақта бұл аумақта нағыз қарағайлы орман пайда болады.

Іс-шараға 200-ге жуық ерікті қатысты, олардың қатарында бизнес өкілдері, қоғамдық ұйымдар және жергілікті тұрғындар қатысқан болатын. Барлығы ортақ мақсат – өңірдің табиғи қорғаны бола алатын жасанды орман алқабын құру үшін жұмылды.

Бұл бастама халықаралық климаттық күн тәртібіне және БҰҰ-ның Қоршаған орта жөніндегі бағдарламасына (UNEP) толық сәйкес келеді. Қарағайлы орманның қалыптасуы жасыл инфрақұрылымды дамытуға үлес қосып, азаматтық қоғам, бизнес және мемлекет арасындағы экологиялық мәселелерді шешудегі тиімді ынтымақтастықтың жарқын үлгісі болмақ. Қапшағай қарағайлы орманы – бұл жай ғана орман емес, болашақ ұрпаққа қамқорлықтың белгісі және қоршаған ортаны жақсарту үшін бірлескен күш-жігердің айқын көрінісі.

Қонаев қаласы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Жастар ұйымы

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

Аға ұрпақтың жолымен келе жатқан біздер, жастар ертең осы жер мен елдің шынайы несі болу жолында аға ұрпақтың тәлім-тәрбиесін алып келе жатқанымыз анық. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, ұлттық қозғалысымызды сақтап, аға ұрпақтың салған ізін ары қарай апарып, ұрпақ жалғастығының үзіліп қалмауын мақсат етіп, Қонаев қаласында белсенді жастардың бас-тамасымен, Алматы облыстық «Ардагерлер ұйымы» жанынан құрылған «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігі бүгінгі таңда шын мәнінде қоғамның қозғаушы күшіне айналып келеді.

Бірлестік төрағасы Хамит Мұхаммед Дарханұлының бас-тамасымен бірлестік жастарды тәрбиелеу, отансүйгіштік рух-та бағыт беру және қоғамдық белсенділікті арттыру жолында жүйелі жұмыстар жүргізуде. Алиян Бектемір, Айғаным Абу-бекова сынды белсенді мүше-лердің арқасында ұйым беделі

рыстар өткізуді жоспарлауда-мыз. Қонаев қалалық көпсалалы колледжімен бірлесе отырып дайындалған жастар команда-сы облыстық «Ауыл ойында-ры – 2025» жарысында бірінші орынды иемденуі жеңіске деген күштарлықтарын оятып, келесі болатын турнирлерге қатысуды мақсат етуде.



де күн санап артып келеді. Қала-да өткізілген «Таза Қазақстан» экологиялық акциясына жастар белсене қатысып, қаланың әртүрлі аумақтарында өткізіл-ген тазалық сенбіліктерінде ұй-ымшылдық танытты. «Үлкенге құрмет» акциясы ая-сында карттарымызға сый-сия-пат жасап, үлкенге ізет көрсету – ұлт болмысының ажырамас бөлігі екенін іс жүзінде көр-сеттік. Мәңгілік елдің мұратын ұлықтаған «Ешкім де, ешқашан-да ұмытылмайды» акциясы Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдастырылып, майдангер-лердің рухына тағзым етілді.

Қалалық деңгейде екі футбол турнирі өткізіліп, жас спортшы-лар өзара бақтары мен баптарын сынасты. Бұл бастама салауатты өмір салтын насихаттауға ар-налғандықтан, алдағы уақытта спорттың басқа түрлерінен жа-

Биылдан бастап қалалық «Ауыл» партиясы филиалымен қарым-қатынас орнатып, ауыл-дық жерлерде тұратын жастар-дың әлеуметтік және рухани дамуына ықпал ету бағытында игілікті іс-шаралар қолға алына бастады. Қалалық Ардагерлер кеңесімен бірлесе жұмыс істеу-ді күн тәртібіне қоя отырып, жастар арасындағы жұмыссыз-дық деңгейін төмендету, олар-дың бос уақытын тиімді пайда-лану, жастар саясатын жүргізу бағытында біраз жұмыстардың бастамашысы болсақ деген ықыласты ниетте жұмысымыз-ды жалғастырудамыз.

Өркен ҰМБЕТ,
Қонаев қалалық
«Алатау жастары»
қоғамдық бірлестігі
төрағасының орынбасары.

Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

ТАЗАЛЫҚТЫ САҚТАҢЫЗ

Аскаридоз - бұл гельминтоздар тобындағы нематодтар (дөңгелек құрттар) - аскаридтер тудыратын ауру. Аталмыш дерт адамның асқазан-ішек жолындағы жыныстық жетілген гельминттердің паразитизациясымен сипатталады, тыныс алу жолдарының зақымдалуымен және аллергиялық реакциялармен бірге жүреді. Аскарида 40 см дейін ұзындыққа және 6 мм дейін ендікке жетуі мүмкін. Осы кезде аналығы тәулігіне 200 мың жұмыртқа сала алады. Ересек гельминттер 1-2 жыл өмір сүреді.

Себептері: Аскаридоз жеке гигиена ережелерінің бұзылуынан пайда болады. Гельминттердің жұмыртқалары адам ағзасына жуылмаған қолдар, жуылмаған жемістер мен көкөністер

арқылы түседі. Жұмыртқалардан жетілген дернәсілдер пайда болып, ағза бойынша таралады. Жұқтырған кезден бастап бірінші жұмыртқалау мезгілге дейінгі уақыт 2-3 айды құрайды, жалпы ауру бір жылға созылады. Ересек аскаридалар механикалық зақым келтіре алады, өйткені олардың дене күші қатты және өте жылжымалы. Аскаридозға ең жиі топырақпен байланыста болатын адамдар ұшырайды, әсіресе балалар мен фермерлер.

Белгілері: Аурудың даму кезеңіне және аскарида орналасуына байланысты белгілер өзгеруі мүмкін. Негізгі белгілерге мыналар жатады:

- тұрақты шаршау, әлсіздік;
 - жөтел;
 - тері бөртпелері, қышу;
 - дене температурасының көтерілуі.
- Даму кезеңіне байланысты келесі белгілер пайда болуы мүмкін: қақырық;

тәбеттің жоғалуы;
жүрек айну, құсу;
іш ауыруы, диарея, іш қату;
дене салмағының төмендеуі;
ішек өтімсіздігі, өт қабының немесе жолдарының қабынуы.

Алдын алу шаралары: Аскаридоздың алдын алу, ең алдымен, жеке гигиенаның қарапайым қағидаларын сақтау болып табылады. Олар: тамақтанар алдында қолды және жаңа піскен көкөністер мен жемістерді қолданар алдында міндетті түрде жуу. Сырқаттанушылықты болдырмаудың маңызды бөлімі топырақты нәжістен ластанудан қорғау үшін елді мекендерді санитариялық тазартуды өткізу. Тазалықты сақтай отыра, аскаридтердің ағзаға түсуінен қорғана аласыз.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы